Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

TÚRKİSTAN

облыстық қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ ● okgazeti@gmail.com

№23 (21793) ЖҰМА, 3 сәуір, 2026 жыл

Ақорда

Президент Сауд Арабиясы корольдігінің елшісін қабылдады



Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев тақ мұрагері, Сауд Арабиясының премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл-Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті.

– Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

Файсал Әл-Кахтани өз елінің Қазақстан Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейіл екенін айтты. Ол жақында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашатынына назар аударды.

Бұдан бөлек, дипломат Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әрекеттеріне алдағы уақытта да жәрдемдесуге әзірлігін, сондай-ақ Сауд Арабиясына және шығанақтағы барлық елдерге тілектестігін білдірді.

Кездесу соңында Президент Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының королі Салман бен Әбдеlaзиз Әл-Саудқа және тақ мұрагері, премьер-министр Мұхаммед бен Салман Әл-Саудқа ыстық ықыласы мен сәлемін жолдап, бауырлас Сауд Арабиясы халқына бақ-береке тіледі.

Түрлене бер, Түркістан!

Гүлге ғашық қала



Түркістан қаласында көктемгі абаттандыру, санитарлық тазалық және көгалдандыру бағытындағы кешенді жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Көктемгі кезеңге сәйкес көгалдандыру жұмыстарына ерекше назар аударылып отыр. Атап айтқанда, көгалдарды күтіп-ұстау, суару жүйелерін реттеу, гүлзарлар мен жасыл аймақтарды қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.


Осы жұмыстар аясында қалада көктемгі гүл егу науқаны басталды. Жалпы, жоспар бойынша 2 миллион түпке жуық гүл көшеттерін отырғызу көзделген. Бүгінде қала аумағында гүлдердің бірнеше түрі егіліп, көшелердің сән-салтанаты арта түсті.

Гүл егу жұмыстары қаланың негізгі кіреберіс аймақтарын, туристік нысандар маңын және орталық көшелерді қамтиды. Сәуір айы басталысымен Түркістанда сакура мен сәндік ағаштар гүлдей бастады. Қасиетті шаһар ғажайып күйге енді.

Туристік маусымның басталуына орай Түркістанға келушілер саны еселеп артады. Осыған байланысты тарихи-мәдени және туристік нысандардың санитарлық жағдайы мен абаттандырылуы тұрақты бақылауға алынған. Қоғамдық орындарда тазалық сақтау, қызмет көрсету сапасын жақсарту және шаһарды одан әрі ажарландыру бағытындағы жұмыстар жоғары деңгейде үйлестірілген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Сіз жатқа оқуға тиіс бір өлең...




Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

НАМЫС

Жалған-ай...
Жалғызсырау қандай жаман,
Тарпаңның тамырында қан қайнаған.
Адасқан үйірінен құла бие,
Қосылды құландарға қақ жайлаған...


Көгертіп көктем келді мият құмды,
Жануар оқыс ойнап ұят қылды...
Тағының бетке басқан таңбасындай,
Құйрығы жоқ –
Жалы жоқ –
Тұяқ туды...

Қиналып терледі көл-көсір боп,
Көз жасы құлазыған шөлге сіңбек.
Жасырды жалыменен құлыншағын,
Төркінім – жылқы атаулы көрмесін деп.



Бауыр трансплантациясы

Қарындас деген жанашыр!



Түркістан облыстық клиникалық ауруханасында А.Н.Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы басқармасының төрағасы, академик Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен және орталықтың жоғары білікті мамандарының қатысуымен өңірімізде үшінші рет бауыр трансплантациясы сәтті өтті.

Бауыр трансплантациясы – хирургия саласындағы ең күрделі және жоғары дәлдікті талап ететін операциялардың бірі. 41 жастағы науқасқа бауыр циррозы диагнозы қойылған екен. Пациент жарты жыл бойы ауырып, стационарлық ем қабылдаған. Ауру әбден асқынып, жүргізілген емдер шипасын бермеген. Жағдайы нашарлаған науқасты тек бауыр трансплантациясы ғана құтқаратын еді. Оның өмірін сақтап қалудың жалғыз тиімді жолы осы болатын.

Науқастың 20 жастағы туған қарындасы өз еркімен донор болуға келісім беріп, толық медициналық тексеруден өтті. Қарсы көрсетілімдер анықталмады.

Отаны А.Н.Сызганов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы мен облыстық клиникалық ауруханасының мамандарынан құралған бірлескен мамандар тобы жасады.

Қазіргі таңда науқас дәрігерлердің динамикалық бақылауында. Отадан кейінгі кезең асқынусыз өтуде. Ауыстырылған бауырдың қызметі біртіндеп тұрақтануда.

Өңіріміздің білікті дәрігерлері мұндай күрделі медициналық отаны сәтті жасап жүр. Бұл – жергілікті медицина саласының тың белеске көтерілгенінің айқын дәлелі.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Өзекті мәселе

Абайлаңыз, алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды

KAZINFORM. Қазақстанда алаяқтықтың жаңа түрі тіркелді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі мәлімдеді.

Ведомствоның мәліметінше, қаскүнемдер өздерін түрлі компаниялардың, мемлекеттік органдардың және жоғары оқу орындарының басшылары ретінде таныстырып, азаматтарды алдаудың жаңа схемасын қолдана бастаған.

Алаяқтар жалған аккаунттар мен бөтен нөмірлерді пайдаланып, қызметкерлерге телефон арқылы немесе мессенджерлер арқылы хабарласады. Олар деректердің таралуы немесе қаржының ұрлану қаупі бар екенін айтып, жағдайды әдейі күрделілендіріп көрсетеді. Сонымен қатар жедел әрекет етуді талап етіп, психологиялық қысым жасайды.

Одан кейін азаматтарға «мамандар» немесе «құқық қорғау органдарының қызметкерлері» хабарласатыны ескертіледі. Алаяқтар олардың нұсқауларын сөзсіз орындауды талап етеді.

Нәтижесінде күдіктілер адамдарды ақшасын шешіп алып, оны «қауіпсіз шоттарға» аударуға көндіреді. Қаражат қолға түскен соң, байланыс бірден үзіледі.

ІІМ дерегінше, алаяқтар заманауи технологияларды өте белсенді қолданады. Атап айтқанда, нөмірді ауыстыру, дауысты өзгерту сияқты тәсілдер арқылы азаматтардың сеніміне кіріп, қырағылығын төмендетуге тырысады.

– Банктер мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері ешқашан телефон арқылы ақша аударуды талап етпейді, – деп ескертті министрлік.

Ведомство азаматтарды бейтаныс адамдардың нұсқауларын орындамауға, кез келген ақпаратты тек ресми дереккөздер арқылы тексеруге және күмәнді жағдай туындаса, дереу құқық қорғау органдарына жүгінуге шақырды.

Бүгінгі санда

«Мақсат – бәсекеге қабілетті агросектор қалыптастыру»



3-бет

Мисыздандыру механизмі



4-бет

Конференция

Бес жыл – бес белес

Осы жылдың 6 сәуірінде Түркістанда «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің есеп беру-сайлау конференциясы өтпек. Соңғы 5 жылда ұйым жаңа белестерге көтеріліп, ауқымды жұмыстар атқарылды.

Білім мен ғылым саласы – үнемі жаңару мен қарқынды өзгерістерді талап ететін сала. Осы орайда әрбір қызметкердің кәсіби мүддесі мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғау – қоғам дамуының негізгі тірегі. Біздің ұйым «бірлік пен ұйымшылдық» қағидасын ұстана отырып, әрбір еңбек адамының мүддесін жоғары деңгейде қорғап келеді.

2021 жылы облыстық ұйым қайта құрылғанда жұмыс іс жүзінде «нөлден» басталды. Ұйымның іргетасын қалау барысында тек құрылымдық жұмыстар ғана емес, республикалық деңгейдегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу негізгі нысана болды. Ұйымдастырушылық әлеуетті нығайтудың айқын дәлелі ретінде «Қазақстандық салалық білім, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіптік одағының үздік бастауыш ұйымы» республикалық конкурсы жоғары деңгейде өтті.

2022 жылы салалық кәсіподақ пен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) мекемелері қызметкерлері арасында алғаш рет республикалық спартакиада өткізіліп, еңбек адамының салауатты өмір салтын қолдауда жаңа белес бағындырылды. Кәсіподақ мүшелерінің қатарын көбейту, ұйым құрылымын нығайту мен қызметтің басым бағыттарын жүйелеу негізгі басымдыққа ие болды.

Бес жыл ішінде атқарылған жүйелі жұмыстардың арқасында ұйым аяқтан тік тұрып, кәсіби қауымдастықтың сенімді серігіне айналды. Біз үшін кәсіподақ – тек қағаз жүзіндегі міндет емес, нақты нәтижеге бағытталған тірі механизм.

Облыстық кәсіподақ ұйымы өз қызметінде еңбеккерлердің құқықтарын қорғауды басты басымдық ретінде ұстанады. Бес жылдық есепті кезең бұл бағыттағы жұмыстың тек құқықтық қана емес, орасан зор экономикалық тиімділікке ие болғанын көрсетті.

Сенімнің белгісі – өтініштер ағыны

Кәсіподаққа жүгінетін мүшелер санының артуы – ұйым жұмысына деген шынайы сенімнің көрінісі. Статистикаға көз жүгіртсек, есептік мерзімде кәсіподақ мүшелерінен 2 635 арыз-өтініш түсіп, оларға жазбаша жауап, жеке қабылдау, телефон, электрондық пошта және БАҚ арқылы кеңестер берілді.

2021 жылы – 120 өтініш түссе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 850-ге жетіп, 7 есеге жуық өсті.

Тікелей құқықтық көмек алған қызметкерлер саны да айтарлықтай өсті. Егер 2021 жылы небәрі 52 маманға кеңес берілсе, 2025 жылы 289 қызметкер кәсіби заңгерлердің қолдауына ие болды.

Кәсіподақ ұйымының құрамында бүгінгі таңда 11 503 әйел еңбек етуде, бұл гендерлік теңдік пен әйелдердің қоғамдағы белсенді рөлінің айқын көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, еңбек дауларын тиімді шешу мақсатында келісім комиссияларының жұмысына ерекше көңіл бөлініп, 2500 қызметкер арнайы кәсіподақтық оқудан өтті.

Ұйым қатарында 35 жасқа дейінгі 2 358 жас маманның болуы – кәсіподақтың болашағының жарқын екеніне дәлел.



Миллиондаған қаражат қызметкерлерге қайтарылды

Кәсіподақтың құқықтық қызметінің ең басты көрсеткіші – білім беру саласы мамандарының қалтасына қайтарылған нақты қаражат.

Көрсеткіш атауы	2021 ж.	2025 ж.	Өсім деңгейі
Экономикалық тиімділік (тг.)	2,4 млн. ₸	66,4 млн. ₸	27 есе
Қайтарылған төлемдер (тг.)	1,2 млн. ₸	60,3 млн. ₸	50 есе

Ал, есептік кезеңде құқықтық қызметтердің экономикалық тиімділігі 103 673 677 теңгені құраған және кәсіподақ органдарының талаптары бойынша қайтарылған кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген саладағы әр санаттағы қарапайым еңбекер қалтасына есепті кезеңде 83 957 679 теңге соманы қайтаруға қол жеткізілді.

Бұл – әрбір маманның әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты қадам. Осы мерзімде кәсіподақ заңгерлерімен сотқа 18 материал дайындалып, 23 кәсіподақ мүшесі түрлі инстанциядағы соттарда тегін қызметпен камтылды. Құқықтық іс-әрекет үстемдік құрып, 7 кәсіподақ мүшесі жұмысқа қайта орналастырылды. Оның ішінде 3-еуі сот органдары арқылы орналастырылса, 2-еуі еңбек инспекциясы, 2 қызметкер келісу комиссиясы арқылы жұмысқа орналастырылды. Сөйтіп олардың жұмыстан заңсыз босап қалуына тосқауыл қойылды.

Ал, сотқа дейінгі кезеңде оң шешімін тапқан еңбек дауларының саны бірнеше есеге артты.

Кәсіподақ заңгерлері тікелей қатысқан азаматтық істердің басым көпшілігінде сот органдарының шешімдері сала өкілі – кәсіподақ мүшесінің және кәсіподақтың пайдасына шешілуде.

Бізде шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға ерекше басымдық беріледі. Облыстық ұйым Халықаралық еуразиялық білім кәсіподақтары бірлестігінің (UAESEB) тұрақты делегаты ретінде өңір мүддесін жоғары деңгейде танытуда.

Бес жылдық белес – бұл қалыптасу мен нығаюдың, жаңа бастамалар мен нақты нәтижелердің кезеңі болды.

Жандос ШАЙДУЛЛА,
«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы.

Бәрекелді!

Қиналғанға қол ұшын созады

Ордабасы ауданында «Отбасын қолдау орталығы» мемлекеттік мекемесі жаңа ғимаратқа көшті. Салтанатты іс-шараға аудан әкімі Азат Оралбаев, аудан тұрғындары, сала қызметкерлері мен ардагерлер қатысты. Аудан әкімі Азат Оралбаев орталықтың маңызды әлеуметтік рөлін атап өтіп, тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Бұл ғимарат – жай кеңсе емес, өмірлік қиындықтарға тап болған азаматтарға үміт сыйлайтын, бағыт-бағдар көрсететін, қолдау мен қамқорлықтың мекені болмақ. Көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарып, халыққа қолжетімділігі артады, – деді ол.

Аталмыш орталықта өмірлік қиын жағдайларға тап болған жандарға әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, пробация есебіндегі азаматтармен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары да жүзеге асырылады.

Бүгінде аудан бойынша 900-ден астам тәуекел тобындағы отбасы анықталғанын ескерсек, орталықтың қызметі маңызды екенін аңғаруға болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«Ленгір қыш» ЖШС Түркістан облысы, Төлеби ауданы аумағында «Тогузское-2 (участок 1)» кен орнында саздақтар өндіру Тау-кен жоспары жобасына әзірленген әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚІШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы – Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм а.о., Момынай ауылы (с.ш. 42º10'44" в.д. 69º55'40")

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 6 мамыр күні сағат 15:00-де Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм а.о., Момынай ауылы, Ақтас көшесі, 20А ғимаратта өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596 кіру коды 123456.

Бастамашысы: «Ленгір қыш» ЖШС, 161116, ҚР, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм а.о., Момынай ауылы, 016 Есеп кварталы №397 ғимарат, 080840007083, АКБЕРДИЕВ САПАРГАЛИ САРСЕНБАЕВИЧ, 887711671011, lenger_kish@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қаласы, Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99 пәтер, телефон: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecoportal.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» a.erkebai@ontustik.gov.kz немесе Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимаратта орналасқан Түркістан қалалық әкімдіктен алуға болады.

ТОО «Ленгір қыш» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воздействие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управлении отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану горных работ на добычу суглинков на месторождений Тогузское-2 (участок 1) расположенного в Толебийском районе, Туркестанской области.

Территория воздействия – село Момынай, с.о., Аккум, Толебийский район, Туркестанской области (с.ш. 42º10'44" в.д. 69º55'40")

Общественные слушания состоятся 6 мая 2026 года в 15:00 по адресу: Туркестанская область, Толебийский район, с.о., Аккум, село Момынай, улица Актас, здание 20А.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456.

Инициатор: ТОО «Ленгір қыш», 161116, РК, Туркестанская область, Толебийский район, Аккумский с.о., с.Момынай, Учетный квартал 016, здание №397, 080840007083, АКБЕРДИЕВ САПАРГАЛИ САРСЕНБАЕВИЧ, 887711671011, lenger_kish@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Актобе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, телефон: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz., на сайте местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел:+7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» a.erkebai@ontustik.gov.kz по адресу Туркестанская область, Туркестан г.а., г.Туркестан, микрорайон Жаңа Қала, улица 32, здание 20.

«DALA-CONSTRUCTION.KZ» ЖШС Түркістан облысы, Арыс қаласы әкімшілігінің шегінде «Коксаз» кен орнында бентонит саздарын өндіру Тау-кен жоспары жобасына әзірленген әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚІШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы – Түркістан облысы, Арыс қаласы (с.ш. 42º26' в.д. 68º48').

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 4 мамыр күні сағат 15:00-де Түркістан облысы, Арыс қаласы, Ергөбек көшесі, 178 ғимарат, Арыс қалалық мәдениет үйінде өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596 кіру коды 123456.

Бастамашысы: «DALA-CONSTRUCTION.KZ» ЖШС, 160004, ҚР, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, АГРОФИРМА КАРА-СУ шағын ауданы, № 1177/1 ғимарат, 020940004820, ПОШАЕВ ГАЛЫМЖАН СЕРИКБАЕВИЧ, 87023923707, dalaconst@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қаласы, Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99 пәтер, телефоны: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecoportal.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstarсайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпараттыы+77023923707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» a.erkebai@ontustik.gov.kz немесе Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимаратта орналасқан Түркістан қалалық әкімдіктен алуға болады.

ТОО «DALA-CONSTRUCTION.KZ» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воздействие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управлении отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану горных работ на добычу бентонитовых глин на месторождении «Коксаз» расположенного в пределах администрации города Арысь, Туркестанской области.

Территория воздействия – г. Арысь, Туркестанской области (с.ш. 42º26' в.д. 68º48')

Общественные слушания состоятся 4 мая 2026 года в 15:00 по адресу: Туркестанская область, г.Арысь, Ергобек, 178, Арысский городской дом культуры.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456.

Инициатор: ТОО «DALA-CONSTRUCTION.KZ», 160004, РК, г.ШЫМКЕНТ, РАЙОН ТУРАН, Микрорайон АГРОФИРМА КАРАСУ, здание № 1177/1, 020940004820, ПОШАЕВ ГАЛЫМЖАН СЕРИКБАЕВИЧ, 87023923707, dalaconst@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г. Актобе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, телефон: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz., на сайте местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по телефону: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» a.erkebai@ontustik.gov.kz по адресу Туркестанская область, Туркестан г.а., г. Туркестан, микрорайон Жаңа Қала, улица 32, здание 20.

ХАБАРЛАМА

Түркістан-Су МКК сумен жабдықтау және су бұру желілері арқылы шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ сарқынды суларды бұру қызметтерін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-бабы, 6 және 10-тармақтарына сәйкес, табиғи монополия субъектісі жыл сайын, ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметаның жыл қорытындысы бойынша орындалуы және бекітілген инвестициялық бағдарламаның іске асырылуы туралы есеп беру мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізуге міндетті.

Осыған байланысты кәсіпорын қоғамдық тыңдаудың 2026 жылғы 28 сәуірде сағат 12:00-де С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицей (мекенжайы: Түркістан қаласы, 1-шағын аудан, №22 ғимарат) өткізілетінін хабарлайды.

«Түркістан-Су» МКК әкімшілігі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25-бабы, 6 және 10-тармақтарына сәйкес, кәсіпорын тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар үшін бекітілген тарифтік сметаның орындалуы және бекітілген инвестициялық бағдарламаның іске асырылуы бойынша жыл қорытындысы туралы есеп беру мақсатында жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2026 жылғы 28 сәуір күні сағат 15:00-де Тұран су ШЖҚ МКК әкімшілік ғимаратында (мекенжайы: Түркістан қаласы, 160-квартал, 505-учаске) өтеді.

Кәсіпорын әкімшілігі.

ХАБАРЛАМА

«Karabulak-Agro» Кредиттік серіктестігі» ЖШС

Басқарма мүшелерінің назарына

«Karabulak-Agro» Кредиттік серіктестігі» ЖШС 2026 жылғы 20 сәуірде Басқарма мүшелерінің жиналысы өтетінін хабарлайды.

Жиналыстың өтетін орны: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылы, Панфилов көшесі, №1 үй.

Жиналыстың басталу уақыты: сағат 10:00.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Кредиттік серіктестіктің қатысушыларын өз өтініштері негізінде құрамнан шығару, жекелеген қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерін ұлғайту немесе азайту, сондай-ақ серіктестік құрамына жаңадан кіруге ниет білдірген үміткерлердің өтініштерін қарау.

2. Кредиттік серіктестіктің құрылтайшылары арасында несие лимиттерін бөлу.

3. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарын қайта тіркеуден өткізу.

МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы куәлік негізінде марқұм Менлибаева Назифа Абдуатовнаның дүние-мүлкіне (30.06.2020 жылы қайтыс болды, қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 10.07.2020 жылы №20-732-20-0002674 санымен тіркелді) Шымкент қаласы, Мәделі қожа көшесі, 1Г, ЦОН, 4-қабат, 412-бөлмеде орналасқан нотариус Бейсебаев Рустем Рустемовичте мұрагерлік ашылды.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Битанов Дуйсенбек Жорабековичтің атына 1997 жылы Ішкі істер министрлігі берген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.